

Қасірет тартқан қасиетті қазақ даласы
4-бет

Мен үшін маңыздысы – өз жолымды табу
5-бет

Балқаш, Қарқаралы, Ұлытау
14-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№162 (30141) 27 ТАМЫЗ, ЖҰМА 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жиыннама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Ел экономикасының қозғаушы күші

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шетел инвесторлары кеңесінің мүшелері – мұнай-газ компанияларының басшыларымен бейнебайланыс арқылы кездесу өткізді. Отырыста еліміздегі мұнай-газ саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру мен одан әрі дамыту шаралары жан-жақты қаралды, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Жиынға Премьер-Министрдің орынбасары Роман Складар, Eni S.p.A., Royal Dutch Shell, INPEX Corporation, Chevron, Exxon Mobil, CNPC, Total E&P сияқты ірі мұнай-газ компанияларының басшылары қатысып, сөз сөйледі. Eni S.p.A. компаниясының Орталық Азия аймағы бойынша басшысы Лучано Васкес кездесуді модератор ретінде жүргізіп отырды.

Президент отырыстың ашылуында мұнай-газ секторы еліміздің жалпыұлттық дамуында әрқашан маңызды рөл атқарғанын, технологиялық өзгерістерге қарамастан, бұл сала ел экономикасының қозғаушы күші болып қала беретінін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан мұнайға бай мемлекет ретінде бар әлеуетін мейлінше тиімді пайдалануға міндетті.

Мемлекет басшысы Кеңес пен Үкімет мүшелерінің алдына бірқатар міндеттер қойды.

Президент елдің экономикалық өсімін



Суретті түсіргендер: А. ДУСЕНБЕК, Г. ОМІРБЕКОВ

камтамасыз ету үшін Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ кен орындарын кеңейту бойынша жобаларды дер кезінде жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. Осыған байланысты Теңіз кен орнын кеңейту жөніндегі жобаның құрылыс жұмыстары 20 пайызға кешігіп жатқанына алаңдаушылық білдіріп, Үкіметке жоба операторымен бірлесіп отырып, жұмыстарды аяқтау мерзімін кешіктірмеуді тапсырды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қашаған кен орнын игерудің келешегі туралы айтты. Президент мұнай өндіруді тәулігіне 1,1 миллион баррельге дейін ұлғайту бойынша жұмыстың үшінші

кезеңін жүзеге асырудың нақты жоспарын жасау қажет екеніне тоқталды.

Мемлекет басшысы инвестиция салудың жаңа тетіктерін әзірлеуді, атап айтқанда, жетілдірілген модельдік келісімшарт туралы айтты. Бұл құжат инвестициялық преференцияларға кепілдік бере отырып, олардың құқықтық жағынан қорғалуы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты Үкіметке фискалдық басымдықтар пакетін анықтауды жеделдетуді және жылдың соңына дейін заңнамалық нормалардың қабылдануын қамтамасыз етуді тапсырды.

(Соңы 2-бетте)

Атқарылған жұмыстың ауқымы кең

Nur Otan партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев Бауыржан Байбекті қабылдады, деп хабарлады Тұңғыш Президенттің баспасөз қызметі.

Кездесуде «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауында бағдарламасын әрі қарай жүзеге асыру мәселелері, сондай-ақ ауыл әкімдерін алғашқы тікелей сайлау нәтижесі талқыланды.

– Биыл партия бірнеше маңызды науқан өткізді: біз Парламент Мәжілісінің сайлауына қатысып, жеңіске жеттік, сондай-ақ тарихымызда алғаш рет ауыл әкімдерінің сайлауы өтті. Партияның орталық аппараты мен филиалдары жергілікті жерлерде ауқымды жұмыс атқарды. Қараша айында партияның Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізу жоспарланып отыр. Онда өткен науқандардың қорытындысы бойынша көзге түскен партия белсенділерінің еңбегін атап өтуіміз керек, – деді Елбасы. Nur Otan партиясының Төрағасы



Суретті түсіргендер: А. ДУСЕНБЕК, Г. ОМІРБЕКОВ

халықпен тығыз байланыста жұмыс істеуді жалғастыру керектігін айтып, сайлауалды уәделердің жүзеге асуын қадағалаудың маңыздылығына тоқталды. – Жұртшылықпен жұмысты жалғастырып жөн. Олардың мәселелерін білу, атқарушы билік органдарына жеткізу және шешімін табуын қадағалау қажет.

Партия беделін нығайтуды әрі қарай жалғастыру керек, – деді Н. Назарбаев.

Б. Байбек ауыл әкімдерін сайлау нәтижелерін баяндады, сондай-ақ Nur Otan мүшелері мен электораттың бұл процеске белсене атсалысқанын атап өтті.

(Соңы 2-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ӨКІМІ

Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы 2021 жылғы 1 қыркүйекте сағат 11-де Нұрсұлтан қаласында шақырылсын».

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Н. НЫҒМАТУЛИН

Нұр-Сұлтан қ., Парламент Мәжілісі 27 тамыз 2021 ж. №37

29 ТАМЫЗ – ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ

Батыл қадам, байыпты бастама

29 тамыз – Семей ядролық сынақ алаңының түбегейлі жабылған күні. Дәл осы күні 2009 жылы Қазақстанның бастамасымен және бірқатар елдің қолдауымен БҰҰ тарапынан Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні болып белгіленді. Бұл адамзатты толғандырып келе жатқан ядролық қару қаупін сейілтуге күш-жігерін барынша жұмсап келе жатқан еліміздің, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың маңызды ролін айшықтайды.

Жолдыбай БАЗАР, «Egemen Qazaqstan»

Бүгінде Қазақстан әлемдік анти-ядролық қозғалыстардың көшбасшысына айналып отырғанын әлем мойындайды. Бұл мәртебесі биік, көтерер жүгі ауыр көшбасшылық орынға еліміз оңай жеткен жоқ.

Осыдан 30 жыл бұрын, дәлірегі 1991 жылғы 29 тамызда Елбасының

Жарлығымен бүкіл адамзатқа қауіп төндірген, қазақстандықтарға қасірет камытын кигізген, 500-ге жуық ядролық жарылыс жасалған Семей ядролық сынақ полигонының үні өшкен-ді. Халқы қолдаған, елінің талап-тілегін жан жүрегімен түсінген Нұрсұлтан Назарбаевтың аталған Жарлығын бүкіл әлем аса маңызды тарихи оқиға ретінде қабылдады.

(Соңы 2-бетте)

Телефон арқылы сөйлесті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясы Корольдігінің Тақ мұрагері ханзада Мұхаммед бен Салман Әл Саудпен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Тараптар мұсылман жыл санауы бойынша жаңа Хижа жылының басталуына орай бір-бірін құттықтап, екі ел арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен оны нығайту перспективаларын талқылады.

Қазақстан Президенті бүгінгі екі-жақты қатынастар деңгейін оң бағалап, қосымша серпін беру мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігін айтты. Осы орайда, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сауд Арабиясының Тақ мұрагері мемлекеттер арасындағы ықпалдастықты жаңа жобалармен толықтырып, оларды бірлесіп жүзеге асыруға бағытталған «Қазақстан – Сауд Арабиясы» Үйлестіру кеңесін құру туралы бастаманы толықтай қолдады.

Ханзада Мұхаммед бен Салманмен айтуынша, Эр-Рияд қазақ нарығындағы инвестициялық әлеуетін арттыруға мол мүмкіндік бар екеніне көз жеткізіп отыр.

Мемлекет басшысы бұл пікірмен келісе отырып, Сауд Арабиясы Корольдігінің Тақ мұрагерін екі-жақты ықпалдастықтың барлық бағыттарын талқылау мақсатында Қазақстанға сапармен келуге шақырды.

Ханзада Мұхаммед бен Әл Сауд Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруын ризашылықпен қабыл алып, мерзімдерін дипломатиялық арналар

арқылы пысықтайтынын жеткізді.

Қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру мақсатында екі ел үкіметтері мен сыртқы істер министрліктеріне екі-жақты мәселелер мен халықаралық күн тәртібіндегі тақырыптар бойынша тығыз байланыстар орнату туралы тапсырма беруге келісті.

Сондай-ақ тараптар Ауғанстандағы жағдайды және оның өңірлік қауіпсіздік үшін ықтимал салдары мен қауіп-қатерлерін жан-жақты талқылады. Аталған елдегі ахуалға қатысты алаңдаушылық білдіріп, Ауғанстанның тұрақсыздық бастауына айнамай, бейбіт жолмен шешілетініне үміт артты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа тараның бастамасымен Еуропалық Кеңес Президенті Шарль Мишельмен телефон арқылы сөйлесті.

Президенттер Ауғанстандағы қазіргі жағдай бойынша жан-жақты пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Шарль Мишельдің сұрауы бойынша Қазақстанның ауған мәселесіне қатысты ұстанымын білдірді.

(Соңы 2-бетте)

Өрт салдарын жою жұмыстары жалғасып жатыр



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Twitter парақшасында Жамбыл облысының орталығы – Тараз қаласы маңында орналасқан әскери бөлімдегі өрттің салдарынан болған жарылысқа қатысты былай деп жазды:

«Жамбыл облысына Қорғаныс, Төтенше жағдайлар министрлері мен Ішкі істер министрінің орынбасары ұшып шықты. Жақын орналасқан ауылдар тұрғындарын эвакуациялау туралы шешім қабылданды. Шамамен 30 шақты облыстық ТЖ жөніндегі департамент қызметкерлері мен әскери қызметкерлер жаракат алды», делінген парақшадағы жазбада.

Президент сондай-ақ өрт салдарын жою жөніндегі жедел штаб жұмыс істеп жатқанын, қалымыстық іс қозғалғанын, ТЖМ, ІІМ бөлімшелері жұмылдырылғанын, темір жол қатынасы уақытша тоқтатылғанын жазды және де тұрғындарды сабырлы әрі сақ болуға шақырды.

«Өрт салдарын жою жұмыстары жалғасып жатыр. Құтқарушылар, әскери қызметшілер, дәрігерлер және жұмылдырылған барлық адамдар белсенді жұмыс жасауда. Өкінішке қарай, зардап шеккендер саны артып келеді. Бірақ жағдай бақылауда. Тараз қаласы мен ауыл тұрғындары сабырлы әрі сақ болуы керек», деді Twitter-дегі парақшасында.

Жеңісімен құттықтады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Twitter парақшасы арқылы XVI Паралимпиадада пауэрлифтингтен алтын медаль жеңіп алған қазақстандық спортшы Давид Дегтяревті құттықтады.

«Давид Дегтяревті Токиода өтіп жатқан XVI Паралимпиада ойындарындағы жеңісімен құттықтаймын. Бұл алтын медаль – керемет жетістік және табанды жаттығулар мен мұқалмас ерік-жігердің жемісі. Давидке жаңа табыс, ал Паралимпиададағы Қазақстанның барлық спортшысына сәттілік тілеймін», делінген парақшадағы жазбада.

ПАРАЛИМПИАДА-2020

Алғашқы алтын – қоржында

Токиода XVI жазғы Паралимпиада ойындары өтіп жатқаны белгілі. Төртжылдықтың басты додасының екінші күнінде пауэрлифтингтен сынға түскен отандасымыз Давид Дегтярев Токио төрінде ел мерейін асырып, Қазақстан құрамасының қоржынына алғашқы алтын жүлдені салды.

Әли БИТӨРЕ, «Egemen Qazaqstan»

54 кило салмақ дәрежесінде сынға түскен қазақстандық спортшы Давид Дегтярев Токио паралимпиадасында 172 килоны бағындырып, чемпион атанды. Ол бірінші мүмкіндігінде – 170, екіншісінде – 172 және соңғы талпынысында 172 кило салмақты еш қиындықсыз еңсерді. Күміс жүлдені франциялық А. Борлоун иеленсе, қола медаль грекиялық Д. Бакорхристоске бұйырды.

Бұл – Давид Дегтяревтің карьерасындағы ең табысты нәтижесі. Ол бұған дейін 2018 жылы Джакартада (Индонезия) өткен Пара Азияда 157 килоны көтеріп, күміс медаль алса, кейіннен 2019 жылы елордада өткен әлем чемпионатында 162 килоны басынан асыра көтеріп, 5-орынмен шектелген болатын. Ал биыл Грузия астанасы – Тбилисиде өткен Әлем кубогында 185 киломен алтын жүлде иеленген еді.

(Соңы 16-бетте)



Негізгі салаларда оң қарқын байқалады

Нұрсұлтан Назарбаев «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Алмасдам Сәтқалиевті қабылдады, деп хабарлады Елбасының баспасөз қызметі.

Кездесуде Қазақстанның Тұңғыш Президентіне «Самұрық-Қазына» қорының өндірістік және қаржылық көрсеткіштері туралы баяндалды.

А.Сәтқалиевтің мәліметі бойынша биылғы 7 айда уран саудасында, электр энергиясын өндіруде, сондай-ақ контейнерлік



Сурет: Елбасының баспасөз қызметінен алынды

тасымалдауда көрсеткіштердің оң қарқыны байқалауда.

Елбасына Қор тобындағы кәсіпорындардағы вакцина-

циялау процесі мен санитарлық-эпидемиялық қауіпсіздік шаралары туралы мәлімет берілді.

Кездесу қорытындысы

бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңестің төрағасы бірқатар нақты тапсырма берді.

Атқарылған жұмыстың ауқымы кең

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Ауыл әкімдерін тікелей сайлаудың қорытындысы бойынша біздің партияның өкілдері округтердің 86 пайызында жеңіске жетті. Партия арқылы сайланғандардың 35 пайызы жаңадан келгендер. Жалпы, әкімдер корпусы 50 пайызға жаңарды. Олардың орташа жасы – 46, әйелдер – 11 пайызды, жастар – 14 пайызды құрады, – деді Nur Otan партиясы

Төрағасының бірінші орынбасары.

Б.Байбектің мәліметі бойынша жыл басынан бері партияның қоғамдық қабылдауларына 103 мыңнан астам адам хабарласып, 20 мың азамат қабылданды. Сондай-ақ өңірлерде қоғамдық кеңестер арқылы түскен 4,5 мыңнан астам өзекті әлеуметтік мәселе партияның бақылауына алынды.

Кездесуде Нұрсұлтан Назарбаевқа сайлауалды индикаторлардың

орындалу барысы туралы есеп берілді. Сондай-ақ партияның жастарды және халықтың әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған топтарын қолдау шаралары, өңірлерде партиялық бақылауды қамтамасыз ету қызметі туралы ақпарат ұсынылды.

Соңында Елбасы партияның орталық аппараты мен өңірлік филиалдарына Саяси кеңестің кеңейтілген отырысын өткізуге жан-жақты дайындық жүргізуді тапсырды.

Телефон арқылы сөйлесті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы әлемдік ұйымға қолдау көрсету мақсатымен БҰҰ-ның Ауғанстандағы кеңсесін Алматыда уақытша орналастыру туралы шешім қабылданғанын хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы ауған студенттеріне де тиісті көмек көрсетіліп жатқанын айтты. Мемлекет басшысы ауған мәселесіне қатысты, соның ішінде Ауғанстанда да Қазақстан мен Еуропалық Кеңес тығыз қарым-қатынас орната алады деп есептейді. Қазақстан Еуропалық Одақ елдерінің азаматтарын эвакуациялаған ұшақтарға өз әуежайларында жанар-жағармай құюға мүмкіндік жасағаны туралы айтылды.

Тараптар заңсыз миграция, есірткі тасымалы, адам және қару-жарақ саудасының алдын алу бойынша ынтымақтастық орнатуға мүдделі екенін

білдірді. Қазақстанның дипломатиялық және өзге де салалық ведомстволары аталған мәселелер бойынша Еуропалық Кеңеске консультативтік көмек бере алады. Мемлекет басшысы Ауғанстанда барлық этностық топтардың қатысуымен инклюзивті үкімет құрылғаннан кейін жағдайдың тұрақталатынына үміттенеді. Бұған соғыстан зардап шегіп отырған ауған халқы мүдделі.

Еуропалық Кеңестің Президенті мазмұнды сұхбатқа ризашылығын білдіріп, ауған тақырыбындағы көп мәселе бойынша көзқарастарының ортақ екенін атап өтті. Шарль Мишель Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасы соңына дейін болатын Брюссельге сапары барысында жеке кездесетініне сенім білдірді. Сол сапарда Қазақстан мен Еуропалық Кеңестің ынтымақтастығы бойынша күн тәртібіндегі ауқымды мәселелер жөнінде жан-жақты пікір алмасатынын айтты.

Әлеуетті әріптес елдер

Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин Швейцария Федералды Жиналысы Ұлттық Кеңесінің Төрағасы Андреас Эби бастаған делегация өкілдерін қабылдады, деп хабарлады осы Палатаның баспасөз қызметі.

Палата Спикері Швейцария Федералды Жиналысы Ұлттық Кеңесі Төрағасының Қазақстанға тұңғыш рет жасап отырған ресми сапарына ерекше назар аударып, аталған сапардың Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдық және Швейцария Конфедерациясы құрылғанының 730 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген тарихи маңыздылығына баса назар аударды.

Одан әрі тараптар екі ел арасындағы, соның ішінде, парламентаралық ынтымақтастықты дамыту төңірегінде ортақ ойларын бөлісті. Нұрлан Нығматулин атап өткендей, Швейцария біздің еліміздің Еуропадағы маңызды саяси және сауда-экономикалық әріптесі саналады. Өзара қарым-қатынас орнаған 29 жылдың ішінде Нұр-Сұлтан мен Берн арасында барлық

сала бойынша ықпалдастық табысты дамып келеді. Осы ретте Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан-Швейцария ынтымақтастығының берік негізін қалап, елдеріміз арасындағы әріптестікті дамытуға зор көңіл бөлгенін алға тарта келіп, Мәжіліс Спикері Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың аталған мемлекетпен екіжақты байланысты одан әрі тереңдетуге зор көңіл бөлетінін атап өтті.

Кездесу барысында Мәжіліс Төрағасы Мемлекет басшысының саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалары турасында кеңінен әңгімеледі.

Нұрлан Нығматулин атап өткендей, Швейцария Қазақстанның ірі сауда әріптестерінің бірі. Бұл ел біздің

экономикамызға 30 млрд долларға жуық инвестиция салды. Швейцариялық капиталдың қатысуымен Қазақстанда 400-ден астам кәсіпорын жұмыс істейді.

Нұрлан Нығматулин Қазақстан саяси диалогты, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық қатынасты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін айта келіп, осы жолда барлық салада, соның ішінде заңнамалық органдар арасындағы серіктестіктің маңыздылығына тоқталды.

Өз кезегінде Андреас Эби Қазақстан ауқымында жері жаһан әлемдегі ірі мемлекеттің бірі екеніне тоқталып, біздің еліміздің экономикалық дамуы қарқынды, модернизациялық жетістіктері жоғары, демократиялық ұстанымдары берік екенін айтты.

Кездесуде тараптар қол мемлекеттің тарихи, мәдени ұқсас байланыстары тереңде екенін алға тарта келіп, елдеріміз арасындағы байланысты барлық салада одан әрі табысты дамытудың мүмкіндіктері зор екенін атап өтті.

29 ТАМЫЗ – ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАРҒА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ

Батыл қадам, байыпты бастама

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өйткені Семей полигонының ресми түрде, заңдық негізде өз жұмысын біржола тоқтатуы біздің елімізбен қатар, бейбітшіліктен өзге қалауы жоқ әлемдік қоғамдастықты дүр сілкіндірді, ядролық қарусыз, қауіпсіз әлем құруға деген үмітін оятып, сенімін нығайтты.

Осылайша, Қазақстан ядролық қарусыз әлем құру, жаппай қырып-жоятын қаруларды жою, таратпау, ядролық сынақтарды тоқтату мәселесіндегі өзінің бүгінгі көшбасшылық орнына батыл әрі байыпты қадам жасады. Бұл қадам елімізді әлемдік қауіпсіздік саласындағы жетекші мемлекеттер қатарынан көрінуімізге кеңінен жол ашты.

Тәуелсіздігін алған сәттен Қазақстан Семей полигонын жабу арқылы өзінің бейбітшіліктен өзге жолды таңдамайтынын аңғарта отырып, әлемдік тыныштықты сақтау, нығайту бағытында көптеген сауатты да өміршең бастаманы халықаралық күн тәртібіне шығарып келеді. Қазақстанның бұл бағыттағы негізгі мақсат-мүддесі Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған, халықаралық қоғамдастық ерекше қолдау білдірген «Әлем. XXI ғасыр» манифесінде жан-жақты баяндалған.

Осы жерде еліміздің әлемдік қауіпсіздікті сақтау, ядролық қаруға қарсы іс-қимыл саласындағы батыл қадамын тек Семей полигонының жабылуымен ғана сипаттап қоюға болмайды. Бұл орайдағы Қазақстанның, Елбасының шешімтал іс-әрекетінің, сауатты бастамаларының, ұсыныстарының тұтас тарихи қалыптасып отырғандығын ескеру қажет. Осы орайда басқасын айтпағанда, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өзін өзі ақтаған, халқы қолдаған, әлемдік қоғамдастық қуаттаған шешімі – Қазақстанды ядролық қарусыз ел ретінде қалыптастыру бойынша ұстанымын айрықша айтуға болады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2016 жылғы тамызда Семей полигонының жабылуына 25 жыл толуына арналған халықаралық конференцияда сөйлеген сөзінде: «КСРО күйрегеннен кейін, біз қуаты жөнінен әлемдегі төртінші зымырандық-ядролық арсеналға иелік етіп қалдық. Біздің территориямызда 104

құрлықаралық баллистикалық СС-18 («Сатана») зымырандары орналасты. Оларға 1400 ядролық оқ түмсік орнатылған болатын. Біздің аэродромдарымызда 370 қанатты ядролық зымырандары бар 40 стратегиялық бомбалаушы ТУ-95 МС ұшақтары болды. Бұл Францияның, Ұлыбританияның және Қытайдың ядролық күштерін қоса алғандағы әлеуеттен артық болатын. Семей полигонында ядролық қаруды өндіруге және жетілдіруге дайын тұрған қуатты ғылыми зерттеу инфрақұрылымы қалды. Бұған қоса Қазақстан табиғи уранның әлемдік қорының төрттен бірін иелене отырып, оны байытудың толық циклына, ядролық отын, реакторлар мен қондырғылар өндірісіне иелік етті», деген еді. Міне, Елбасы айтқан жоғарыдағы деректерден сол кезеңдерде ядролық қаруға ие мемлекет мәртебесін сақтап қалу мүмкіндігінің өте жоғары болғанын көреміз. Бірақ біз әділдік, жасампаздық, бейбітшілік жолын таңдап, әлемдік өркениеттегі көшімізді ядролық қарудан ала Қазақстан ретінде жалғастырдық.

Рас, ядролық орасан қуатты қарудан өз еркімен бас тарту Қазақстанға оңайға түспеді. Бұл жерде Елбасы ірі, ядролық қаруға ие мемлекеттердің еліміздің қауіпсіздігі үшін кепілдік беру мәселесін көтерді. Осы бағытта табандылық танытып, өзінің діндегеніне жеткен Н.Назарбаевтың арқасында 1994 жылы ЕҚЫҰ-ның Будапештте өткен саммитінде АҚШ, Ресей, Ұлыбритания тарапынан Қазақстан қауіпсіздігіне берілген кепілдіктер туралы меморандумға қол қойылса, кейін мұндай кепілдіктерді Қытай мен Франция берді. Шын мәнінде, бұл еліміз үшін үлкен тарихи маңызды оқиға еді.

Қазақстан 2006 жылдың күркүйегінде Орталық Азияны ядросыз аймақ деп жариялаған Семей шартына қол қойғанын да айта кетелік. Қатысушы барлық тараптар – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан 2015 жылы «ядролық клубтың» 5 державасынан арнайы хаттамамен бекітілген қауіпсіздік кепілдігін алды. Бұл ядролық қаруды таратпаудың, қарусызданудың әлемдік үдерісінің жаңа кезеңі басталғанын білдірген оқиға болды.

Қазақстан ядролық сынақтарға түбегейлі тыйым салу шарасын жүзеге асырғаннан кейін

БҰҰ-ның шешімімен ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа қол қоюға жол ашылды. Келісімге қосылған 180-нен астам мемлекеттің 160-қа жуығы бұл құжатты танып, ратификациялады. Бұл Елбасы жүргізген осы саладағы жемісті саясаттың маңызды ықпалын айғақтайды.

Еліміздің бастамасымен БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 2015 жылы жаһан халқы алғаш рет Ядролық қарудан азат әлем құру туралы жалпыға ортақ декларация қабылданғанына куә болды. Сондай-ақ 2012 жылы АҚШ, Ресей және Қазақстан президенттерінің бұрынғы Семей полигонында ұшжақты ынтымақтастықты жалғастыру туралы Бірлескен мәлімдемесі қабылданды. Бұған қоса Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретіндегі қызметі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталды. Елбасы бастамасы негізінде адамзатты ядролық қаруға жаппай тыйым салу жолындағы күреске жұмылдыруды мақсат еткен «АТОМ» жобасы жүзеге асырылуда.

Қазақстан қазіргі таңда атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану ісіне серпін беруде. Мұның дәлелі ретінде елімізде Төмен байыттылған уран банкінің құрылғанын да айта кетейік.

Бүгінде Қазақстан өзінің бейбітшіліктен өзге жолды таңдамайтынын дәлелдей түсіп, өзінің ұстанымына беріктігін көрсетіп отыр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған осы бағытты одан әрі сәтті жалғастыруда. Ел Президенті Қ.Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 74-сессиясында: «Ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу менің елім үшін басты басымдық болып қала береді. Бұл ұмтылымы бізге ядролық қаруды жою жолындағы жаһандық қозғалыстың алдыңғы шебінде болуға моральдық құқық бере отырып, қазақ халқының жалпыұлттық біртектілігін ажырамас бөлігіне айналды. Біз бүгінде ядролық қару елдің айыбы емес, керісінше, жаһандық бейбітшілік пен тұрақтылыққа қатер төндіретін алапат екеніне нық сенімдіміз», деген болатын. Мемлекет басшысының бұл сөзінен Қазақстанның ядролық қаруға қарсы ұстанымын, халқымыздың бейбітшілікке деген риясыз пейілін анық аңғарамыз.

ОҚЫС ОҚИҒА

Жамбыл облысында жарылыс болды

Кеше кешкі сағат 19.00 шамасында Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы әскери бөлім аумағында жарылыс болды. Жамбыл облыстық әкімдігінің хабарлауына, 2021 жылдың 26 тамызында, сағат 19.10-да Байзақ ауданы Қайнар ауданында орналасқан Қорғаныс министрлігінің 28349 әскери бөлімінің (инженерлік бригада) оқ-дәрі қоймасы жанған.

250 тұрғыны бар Қайнар ауылы 1 шақырымға жетпейтін қашықтықта орналасқан. Халықты эвакуациялау басталған.

Екі үлкен жарылыс пен облыстық төтенше жағдайлар департаментінің жараланған бір қызметкері туралы ақпарат бар (қызметкердің деректері нақтылануда). Дабыл белгісі бойынша облыстың полиция департаментінің жеке құрамы (300 адам) және 5513 әскери бөлімінің жеке құрамы (520 адам) қызметке кіріскен.

Оқиға орнына 30 есептеуден тұратын жедел жәрдем бригадасының және облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері жіберіліп, апат болған жерге баратын барлық жолдар, соның ішінде темір жол уақытша жабылды. Жақын маңдағы Базарбай, Үш-Бұлақ, Жаңатұрмыс ауылдарының тұрғындары эвакуациялануда.

Байзақ ауданында жедел штаб құрылып, оны облыс әкімі Б.Сапарбаев басқаруда.

Тараз қаласының №1 қалалық ауруханасына түрлі жарақатпен 32 адам түсті (жеке деректер нақтыланып жатыр).

Қорғаныс министрлігінің ресми ақпараты жарылысты ауыздықтауға әскери бөлімнің өрт сөндіру командалары мен шынжыр табанды арнайы өрт сөндіру техникасы, сондай-ақ Жамбыл облысы бойынша ТЖД-ның өрт сөндіру есептоптары жұмылдырылып жатыр. Қоймада көбінесе ұзақ қашықтыққа қабілетті емес инженерлік оқ-дәрілер сақталады. Барлығы 6 жарылыс орын алған.

Сонымен қатар халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жақын маңдағы үйлердің тұрғындарын эвакуациялау басталды. Медициналық көмекке жүтінген 32 зардап шегуші туралы мәліметтер бар, оның ішінде 10-ы әскери қызметші.

Оқиға орнына ӨӘК әскери-көлік авиациясының бортымен Қорғаныс министрі, Төтенше жағдайлар министрі, Қорғаныс министрінің орынбасары және қорғаныс ведомствосының комиссиясы ұшып шықты.

«Егемен-ақпарат»